

"Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясының қаржы жағдайын жақсарту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 26 желтоқсандағы N 1463 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

"Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы (бұдан былай - Компания) 1993 жылғы қарашада - 1994 жылғы мамырда көмір өнімін сатуды ұдайы өндіру процесін және бюджетке салық төлеуді қамтамасыз етпейтін кесімді баға бойынша жүргізді.

Қажетті айналым қаражатының болмауына байланысты Компания жоғары есептеу ставкасындағы банк кредитін пайдаланды, соның салдарынан кредит, сол бойынша процент және салық жөніндегі жалпы берешек 2,5 млрд. теңгені құрайды. Компанияның 3,1 млн. америка доллары сомасындағы валюта қаражатының 1992-1993 жылдар ішінде КСРО Сыртэкономбанкінде кідірілуі нәтижесінде валюта салығы мен айыппұлдарды төлеуіне мүмкіндігі болмады.

Компанияның қаржы-экономика жағдайын тұрақтандыру және жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының жарамсыз мемлекеттік кәсіпорындарын сауықтыру және жою жөніндегі ведомствоаралық комиссия 1994 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігінің, Қаржы министрлігінің, Экономика министрлігінің, Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің, Мемлекеттік қаржы бақылау комитетінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Бас салық инспекциясының, Ұлттық Банктің және басқа мүдделі ұйымдардың мамандарын тарта отырып, Компанияның қаржы жағдайын зерделеу әрі бағалау және оны қаржы жағынан сауықтыру жөніндегі шараларды әзірлеу үшін жұмыс тобын құрсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Компанияның бюджетке төлем жөніндегі, экспортқа салық пен 1992-1993 жылдар үшін есептелген айыппұл санкциялары жөніндегі, келіп үлгермеген валюталық түсім үшін дебиторлық берешек жөніндегі борыштарын бюджеттік ұйымдардың берешек сомасынан асырмай, 1995 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін ұзартсын.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және Экономика министрлігімен келісе отырып, 1995 жылғы 20 қаңтарға дейінгі мерзімде Көмір шахталарын оналту қорын құру мен пайдаланудың тәртібі туралы ұсыныс е н г і з с і н .

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі және Қарағанды облысының әкімі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісе отырып, шахтерлардың қалалары мен поселкелеріндегі әлеуметтік сала объектілерін жергілікті әкімшіліктің балансына берудің кезеңдік графигін ә з і р л е с і н .

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағы шегінде республикааралық көмір тасымалдауға арналған темір жол тарифін республиканың өз ішіндегі тасымалдау тарифінен 2 еседен аспайтындай мөлшерде белгілесін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-министрі